# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

# 6

Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі баспаға ұсынған

Жаңа басылым



Ташкент – 2022

УУК 75(075.3)
ББК 85.14я72
М 79

*Құрастырғандар:*
**Хусан Муратов, Дильноза Мирхакимова, Камолиддин Абдуллаев**

*Пікір жазғандар:*

**Б. Байметов –** Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты Өнертану факультеті Бейнелеу өнері кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Өзбекстан Көркемөнер шығармашылар одағының мүшесі.

**М. Ахмедов –** Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті Бейнелеу өнері кафедрасының доценті.

**С. Мансурова –** Ташкент қаласы Юнусабад ауданы 274-жалпы орта білім беретін мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімі.

**Ш. Тұрсынова –** Ташкент облысы Ташкент ауданы 15-жалпы орта білім беретін мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімі.

Бейнелеу өнері [Мәтін]: 6-сыныбына арналған оқулық / Х. Х. Муратов [т.б.]. – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 128 б.

ISBN 978-9943-8173-6-4

УУК 75(075.3)
ББК 85.14я72

## Шартты белгілер:

– тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

– үйге тапсырма

*Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен басылды*

*Түпнұсқа макет және дизайн концепциясын Республикалық білім беру орталығы жасады.*

ISBN 978-9943-8173-6-4

© Республикалық білім орталығы, 2022

# М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе ....................................................................................................4

## I ТОҚСАН

**1-тақырып.** «Жазғы әсерлерім» тақырыбында композиция жасау........................5
**2–3-тақырып.** «Күз» пейзажын салу ..............................................................8
**4–5-тақырып.** Ұсақ пластикада ұлттық образдар мүсінін жасау ............................14
**6-тақырып.** Мифологиялық тақырыпта сурет салу ..............................................18
**7-тақырып.** «Күз» тақырыбында шығармашылық натюрморт жасау ....................22
**8-тақырып. 1-бақылау жұмысы. «**Күз» тақырыбында шығармашылық натюрмортты түспен өңдеу ..............................................................25
**9-тақырып.** Fluid art стилінде абстрактілі композиция жарату...............................28

## II ТОҚСАН

**10-тақырып.** Қозғалыстағы адам бейнесін салу ................................................34
**11-тақырып.** Силуэт тақырыбында сурет салу.....................................................38
**12-тақырып.** Көркем туындыға иллюстрация жарату............................................42
**13-тақырып. 2-бақылау жұмысы.** Силуэт тақырыбында сурет салу...................46
**14-тақырып.** Еркін тақырыпта комикс жасау .....................................................47
**15–16-тақырып.** Шығыс миниатюра өнері ........................................................52

## III ТОҚСАН

**17-тақырып.** «Цирк» тақырыбында композиция жасау (еркін стильде).................60
**18-тақырып.** Pop art стилінде жануарлар бейнесін салу.......................................66
**19-тақырып.** Абстрактілі композиция макетін жасау ..........................................70
**20-тақырып.** 3D стилінде сурет салу ...............................................................74
**21-тақырып.** «Zentangle» және «Doodling» стилінде сурет салу ..........................77
**22-тақырып.** Мозаика стилінде бейне жасау .....................................................82
**23-тақырып.** Түрлі материалдардан фантастикалық образдар жасау..................86
**24-тақырып.** Түрлі материалдар және техникаларды пайдаланып кинетикалық мүсін жасау.................................................................................90
**25-тақырып. 3-бақылау жұмысы.** «Doodling» стилінде сурет салу......................93
**26-тақырып.** Түрлі материалдардан пайдаланып стилизациялық стильде мүсін жасау......................................................................................94

## IV ТОҚСАН

**27-тақырып.** Мереке үшін эмблема жасау .......................................................100
**28-тақырып.** Плакат графикасы .....................................................................104
**29-тақырып. «**Ғарыш» тақырыбындағы абстрактілі композицияны компьютер графикасында сызу және бояу ...........................................................108
**30-тақырып.** Қиялдағы модерн автокөлігінің суретін салу ..................................114
**31–32-тақырып.** Пленэр (ашық ауада істеу) ......................................................120
**33-тақырып. 4-бақылау жұмысы.** «Мен жаратқан жаңалық» тақырыбында қиялға негізделіп сурет салу ..........................................................124
**34-тақырып.** Шығармашылық көрме...............................................................125

# К І Р І С П Е

Құрметті оқушылар! 6-сыныптың «Бейнелеу өнері» оқулығымен сен бейнелеу өнерінің неғұрлым қызықты және заманауи жақтарын өзің үшін ашасың. Заманауи бейнелеу өнерінің алуан түрлілігі мен сиқырлы әлемі саған өз құпияларын ашады.

Оқулықтың көмегімен сурет салудың fluid art, pop art, 3D, «Doodling» және «Zentangle» сияқты жаңа әдістері, кинетикалық мүсін жасау техникасы, компьютерлік графикада бейне жасау тақырыптары бойынша білім мен дағдыларға ие боласың.

Бұл оқулық сенің көркем эстетикалық талғамыңды қалыптастырады, шығармашылық ойлауыңды дамытады, инновациялық идеяларды жасауға үйретеді және өнер-кәсіпті меңгеруге бағыттайды.

«Бейнелеу өнері» оқулығын тиянақты оқу және өзіндік шығармашылық жолда сәттіліктер тілейміз!

# I ТОҚСАН

## 1-ТАҚЫРЫП. «ЖАЗҒЫ ӘСЕРЛЕРІМ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Жазғы демалысқа шыққанда, демалу үшін әдетте тау беткейлеріндегі лагерьлерге, дем алу орталықтарына барасың. Онда жаңа достармен танысып, олармен қызықты оқиғаларға тап боласың. Бұл сәттер жадыңа өмір бойы сақталады. Жаңа оқу жылы басталғанда достарыңа жазды қалай өткізгенің туралы қуана айтасың. Достарыңның әңгімелерін де тамсана тыңдайсың. Жазғы демалыста есте қалатын көңілді сәттерді «Жазғы әсерлерім» тақырыбында альбомыңа түсір. Мұнда сен сияқты суретшілер үшін жаз және балалық шақ тақырыптарында жасалған өнер туындыларын бақылап, зерттеудің маңызы зор. Суретшінің туындыларынан шабыттанып, қиялың қалыптасып, сен де тамаша суреттер сала аласың деп үміттенеміз.

Жаз мезгілін сипаттағанда, күннің жылы және шуақты болуына, түстердің жылуы мен жарықтығына назар аудару маңызды.





*Жазғы дем алу орындарынан көріністер*





**Хикмат Рахмонов.** «*Балалық*» *тақырыбындағы туындылар. Майлы бояу*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### «Жазғы әсерлерім» тақырыбында композиция жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**

- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.






1



2



3



4



1. Жазғы әсерлерің туралы айтып бер.
2. Жаз мезгілі қандай түстермен сипатталады?
3. «Жаз» және «Балалық шақ» шақ тақырыптарында шығармашылықпен айналысқан суретшілерден кімдерді білесің?

«Жазғы әсерлерім» тақырыбында композиция жасауды аяқтау.

# 2–3-ТАҚЫРЫП. «КҮЗ» ПЕЙЗАЖЫН САЛУ

Пейзаж – бейнелеу өнерінде табиғат көрінісін суреттейтін жанр. Пейзажда қала көріністері немесе архитектуралық кешендер (архитектуралық пейзаж), теңіз көріністері (мариналар) және тағы басқалар бейнеленеді. Пейзажды әр түрлі ағымдарда, бағыттар мен стильдерде өңдеуге болады. Мысалы, реализм, импрессионизм, абстракционизм және т.б.

Күз тақырыбы пейзаж суретшілерінің жұмысында көшбасшы болып табылады. Күзде түстердің молдығы суретшіні әуендей баурап алады. Көптеген шетелдік және жергілікті өнерпаздарымыздың күз тақырыбында жасаған өнер туындыларын композициялық талдау, түс және техникалық тұрғыдан зерделеу қажет. Бұл процесс біздің күз тақырыбындағы пейзажымыздың табиғи және нақты болуына қызмет етеді.




*Өзбекстанның таулары мен қалаларындағы күз пейзажы (фото)*

Бейнемате-
риалға сілтеме



Күз пейзажы негізінен жылы (хроматикалық) түстерден тұрады. Суық (ахроматикалық) түстер әдетте фондық режимде болады, қашықтықтарда көрінеді. Алыстағы заттар түсінің ахроматикалық көрінісі ауа қабатының әсерінен пайда болады. Сондықтан алыстағы заттар бастапқы түсіне қарағанда көгілдір түске айналады.



**Марат Садиков.** *Янгиабадтағы күз. Акварель*



**Руслан Халилов.** *Ерте күз. Акварель*

Бейнемате-
риалға сілтеме

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Күз пейзажын қарындашпен салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш.






1



2



3



4



«Күз» тақырыбында акварель бояуларынан жасалған туындылардан көшірме алу.

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Күз пейзажын түспен өңдеу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**

- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.






1



2



3



4



1. Пейзаж жанры туралы нелерді білесің?
2. Акварельмен «Күз» тақырыбында шығармашылықпен айналысқан суретшілерден кімдерді білесің?
3. Жаз бен күздің өзіндік ерекшеліктері қандай?

Табиғатқа қарап «Күз» тақырыбында сурет салу.

# 4–5-ТАҚЫРЫП. ҰСАҚ ПЛАСТИКАМЕН ҰЛТТЫҚ ОБРАЗДАР МҮСІНІН ЖАСАУ

Ұсақ пластика – мүсін өнерінің ең кең тараған түрі. Ұсақ пластика алғашқы қоғамдық дәуірде пайда болды. Ұсақ пластика түріндегі мүсіннің алғашқы үлгілері ежелгі дүниенің адамдары жасаған елді мекендерде табылған. Олар негізінен шағын мүсіндер түрінде болды. Заманауи мүсіндегі жұқа пластикалық интерьерді безендіруге арналған шағын мүсіншелер, адам бюсті, жануар бейнесі немесе басқа предметтің шағын үлгісі түрінде болуы мүмкін.

Ұсақ пластикада ежелгі кезеңге тиісті терракотадан жасалған, қайта өрлеу дәуірінің бронзадан жасалған мүсіншелері, XX ғасырдағы халық практикалық өнерінің қуыршақтары бар.

Ұсақ пластикалық мүсіншелер әр түрлі материалдардан жасалған. Оларға гипс, тас, бронза, керамика, фарфор, мыс, полиэфир және басқа материалдар жатады.

Тақырып айналасында пластилиннен ұсақ пластикаға тиісті шағын мүсін жасау үшін қағазға оның эскизі бейнеленеді. Пластилинмен жұмыс істеудің бірінші кезеңінде мүсіннің жалпы қозғалыс пластикасы табылады. Келесі кезеңдерде ұсақ бөлшектер өңделеді. Содан кейін барлық бөлшектер біріктіріліп, жалпы композиция жасалады.



*«Ойшыл» және «Отырған қалыптағы әйел». Біздің эрамыздан бұрынғы III мыңжылдық*



*Ұсақ пластикадағы ұлттық образдар*



*Ұсақ пластикадағы ұлттық образдар*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Ұсақ пластикамен ұлттық образдардың мүсінін жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- пластилин;
- пластилиндік құралдар;
- гипс немесе ағаш негіз.






1



2



3



4



1. Ұсақ пластика мүсін өнерінің қай түріне жатады?
2. Ұсақ пластикада қандай материалдар қолданылады?
3. Ұсақ пластика үлгілерін қандай мақсатта қолдану керек?

Ұсақ пластикадан ұлттық образдар мүсінін жасау.

# 6-ТАҚЫРЫП. МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТА СУРЕТ САЛУ

Мифологиялық (грекше «mythos» – әңгімелер, ертегілер, аңыздар) жанрдағы әр түрлі халықтардың көне аңыздары, дәстүрлері немесе ертегілері сюжетке негіз болады. Мифологиялық жанрда жағымды және жағымсыз мифтік образдар бар. Жағымды образға мысал ретінде самұрық құсын айтуға болады.

Самұрық – Шығыс халықтары поэтикалық жанрындағы аңызға айналған құс. Самұрық биікке ұшу, алыс қашықтықтарды жақындату, арманға жеткізу сияқты игі істердің символдық көрінісі. Ол алғаш рет Иран мифологиясында пайда болды. Самұрық өзбек халық ертегілері мен аңыздарында жағымды кейіпкердің досы, қорғаушысы, серігі ретінде бейнеленген. Түркі халықтарында самұрықтың хума, анго, мемлекеттік құс, бақыт құсы, маркумомо, кунтубулгон және тағы басқа атаулары бар. Самұрықтың бейнесі «Батыр», «Айна әлемі», «Рүстем», «Кенже батыр» сияқты ертегілерде жан-жақты суреттеледі. Самұрық бейнесі – Әлішер Науаидың «Құстардың тілі», Хамид Олимжонның «Перизат пен Бунёд» шығармасында кездеседі.

1974 жылы «Өзбекфильм» киностудиясы «Самұрық» атты фильм түсірді. Самұрық бақыт құсы ретінде Өзбекстанның Мемлекеттік Елтаңбасында да бейнеленген. Ташкенттегі «Түркістан» өнер сарайының алдында самұрық құсына символикалық ескерткіш орнатылған.



*Нәдір Диуанбегі медресесінің қабырғасындағы самұрықтың мозаикалық бейнесі*




*Ташкент. Түркістан өнер сарайы*



*Самұрық бейнелері*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Мифологиялық тақырыпта сурет салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- түрлі-түсті қарындаштар;
- фломастерлер;
- бояулар;
- қылқалам;
- су ыдысы;
- палитра.






1



2



3



4



1. Қандай мифологиялық образдарды білесің?
2. Сызған бейнеңді сипаттап бер.

Мифологиялық тақырыптағы суретті аяқта.

# 7-ТАҚЫРЫП. КҮЗ ТАҚЫРЫБЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

Натюрморт (французша «nature morte» – жансыз табиғат) – бейнелеу өнерінің жанры. Ол адамды қоршап тұрған тіршілік ортасында орналасқан және композициялық жағынан біртұтас топты құрайтын заттарды сипаттайды.

Негізінен стендтік кескіндеме (түсбейне және графика), ішінара мүсін өнерінде де жасалады.

Өзбекстан бейнелеу өнеріндегі натюрморт элементтері ежелгі дәуір өнерінде (Афросияб қабырғалы суреттерінде – вазадағы жемістер), миниатюра өнерінде (Камолиддин Бехзодтың Шайбанихан портретінде бейнеленген заттар – сия, қамшы) кездеседі. Натюрморттың қалыптасуы мен дамуы XX ғасырдың 30–50-жылдарына тура келеді. Дәл осы кезеңде суретшілердің туындыларында натюрморттың алғашқы үлгілері пайда болды: Л. Насриддинов «Нан натюрморты», Ш. Хасанова «Қытай фарфорымен жасалған натюрморт» және М. Курзин, В. Рождественский, В. Уфимсев, Н. Кашина, З. Ковалевская, О. Татевосян, С. Абдуллаев, В. Фадеев, Ю. Елизаров және басқалар натюрморт жанрында туындылар жаратты. 60–80-жылдары Л. Салимжонова, Ю. Талдикин, Р. Чориев, В. Бурмакин, Ю. Мельниковтың шығармаларында натюрморт кеңінен қолданылды. Суретшілер Р. Ахмедов, А. Икромжонов, М. Нуриддинов тағы басқалар натюрмортта сапалы еңбек етіп, жанрдың дамуын қамтамасыз етті.

**Натюрморт жанрында шығармашылықпен айналысқан суретшілердің туындыларынан үлгілер**

Бейнемате-риалға сілтеме



**Мороджан Жұмашев.** *Натюрморт. Акварель*



**Юсуф Елизаров.** *Натюрморт. Майлы бояу*



**Мақсуд Хабибулин.** *Натюрморт*



**Шалола Толипова.** *Натюрморт*

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## «Күз» тақырыбында шығармашылық натюрмортты қарындашпен салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш.











1. Натюрморт қандай жанр?
2. Натюрморт жанрында шығармашылықпен айналысқан суретшілерден кімдерді білесің?

Күз тақырыбындағы шығармашылық натюрмортты қаламен салу.

# 8-ТАҚЫРЫП. 1-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

## «Күз» тақырыбындағы шығармашылық натюрмортты түспен өңдеу



**Юлия Вернигор.** *Шығыс натюрморты*



**Л.Кинг.** *Күзгі натюрморт*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### «Күз» тақырыбындағы шығармашылық натюрмортты түспен өңдеу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.






1



Бейнематериалға сілтеме

2



3



4



1. Күз мезгілінде жапырақтар түсі неге сары және қызылға айналады?
2. Хроматикалық түстер туралы әңгімелеп бер.

«Күз» тақырыбындағы шығармашылық натюрмортты түспен аяқтау.

# 9-ТАҚЫРЫП. FLUID ART СТИЛІНДЕ АБСТРАКТІЛІ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Fluid art – сұйық түстермен өңделген кескін. Ыдысқа түрлі түстегі бояуларды құю және араластыру арқылы сен қиялды таң қалдыратын бірегей бейнелер жасайсың. Сұйық акрил дерексіз кескіндеменің заманауи түрі болып, бояу кенепте ( панельде) ағады және түсті эффекттерді жаратады.







*Fluid art. Фотолар*





*Интерьерде fluid art. Фото*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Fluid art стилінде абстрактілі композиция жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- акрил бояулары;
- ПВА желімі;
- бір рет қолданылатын қолғаптар;
- алжапқыш;
- дымқыл майлықтар;
- кенеп немесе фанера;
- мөлдір ыдыстар;
- ағаш таяқшалар;
- су.




**Fluid art техникасында жұмыс жасауға төмендегі өнімдер қажет:**

Акрил бояуы. Fluid art үшін әр түрлі акрил бояуларын қолдануға болады.



Бояуларды араластыру үшін су.





Түрлі түстерді дайындау үшін мөлдір пластикалық ыдыстар.

Сондай-ақ бояуды араластыру үшін бізге ағаш таяқтар қажет. Немесе кішкентай пластикалық қасықтарды қолдануға болады.



Панель немесе кенеп керек, тегіс беті бар фанердің жалпақ бөлігін де қолдануға болады.





Осылайша, барлық қажетті материалдарды дайындау арқылы, сурет салу процесіне көшуге болады. Бейнелеуде қандай түстерді қолдану керек екенін алдын ала ойлану маңызды.

Ақ түсті акрилді сумен сұйылтып аламыз. Бірдей сұйықтыққа жеткенше таяқшамен жақсылап араластырамыз. Ақ сұйық акрил бояуымызды мөлдір пластик ыдысқа құямыз. Әр ыдысқа түрлі түсті бояулардан қосып, әрқайсысын бөлек таяқшамен араластырамыз. Біз түстердің жақсы араласуына назар аударамыз. Бояу қалың қаймақ сияқты болуы керек.

1




Енді, бояу ыдыстарын бөлек алып, кенептен (панельден) қажет емес заттарды алып таста және оған түсті қоспаларды құюға дайындал. Бояуды кенепке қолданбас бұрын fluid art техникасында жасалған жұмыстардың үлгілерін көру және шабыттану ұсынылады.

2




*Алдымен негізгі түстерді, мысалы, ақ және көк, содан кейін бояудың қалған бөлігін қосуға болады.*

3



*Кенепті қолға алып, түстер бетін жауып тұратындай етіп оны иілген қалыпта аздап айналдырамыз.*

4



*Түстерге ерекше пішін қосу үшін шаш кептіргішті қолданамыз.*

5



Холстқа (панельге) барлық бояуды құйып, бетін қаптағаннан кейін оны кептіруге болады.

Шаш кептіргішті қосып, бояуға дұрыстаймыз, бүйірден ауаны үрлейміз. Осылайша ауаның көмегімен бояуды әр түрлі бағытта айналдырып, қажетті пішіндерді жасаймыз.

Кескін қажетті пішінді алған кезде жұмыс процесі аяқталады. Өнер туындысын таза жерде 7-14 күн бойы кептіру ұсынылады.

Бейнематериалға сілтеме

1. Fluid art техникасында жұмыс істеу үшін қандай материалдар қажет?
2. Абстракт ұғымы туралы не білесің?
3. Бейнеңде қандай фигуралар пайда болғанын түсіндір.

Fluid art стилімен абстрактілі композиция жасау.

# II ТОҚСАН

## 10-ТАҚЫРЫП. ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ АДАМ БЕЙНЕСІН САЛУ

Адамның қимыл-қозғалысын жақсы сызу үшін оны күзету керек. Адам бейнесін салуда дене сәйкестігін дұрыс тауып, оның қозғалысын сипаттау маңызды. Ұсақ бөлшектер, мұрын, ауыз және құлақ сияқтыларды дұрыс істемей, керісінше оларды жалпы сипаттау жеткілікті. Адам динамикалық күйде өте тез өзгереді, сондықтан оны сипаттау қиынға соғады. Адам қозғалысының икемді нүктелерін анықтау және конструктивті сызықтарды пайдаланып кескіндеу ұсынылады. Адам қимылдарын бейнелеуді үйрену, келесі сурет салу қызметіне және оның табысты шығуына негіз болады.
















# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Қозғалыстағы адам бейнесін салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**

- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш.









1. Қандай геометриялық пішіндерді адам денесіне ұқсатуға болады?
2. Адамның басы денесімен салыстырғанда нешеге үлкен?
3. Адамның бүкіл денесі бейнеленген қандай өнер туындыларын білесің?

Қозғалыстағы адамның бейнесін еркін стильмен аяқтау.

# 11-ТАҚЫРЫП. СИЛУЭТ ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ САЛУ

Біз силуэттерді тек кітап беттерінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де кездестіреміз.





*Көбінесе силуэттерден белгілерді бейнелеуде пайдаланылады.*





*Табиғаттағы силуэттің ең қарапайым үлгісі – көлеңке.*





*Көлеңке театры*

**Силуэт** – фигураның және заттардың тегіс бейнесі. Әдетте таза фондық сиямен, қараңғы фонда ақ немесе қағаздан қиылған графикалық техниканың бір түрі ретінде де пайда болады. Портреттік өнерде кеңінен таралған.



*Силуэт. Фото*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Силуэт тақырыбында сурет салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель немесе гуашь бояулары;
- арнайы қылқалам;
- су;
- палитра.









1. Силуэт дегеніміз не?
2. Силуэт туралы нелерді білесің?
3. Қол қимылдары арқылы түрлі жануарлардың силуэттерін көрсетіп бер.

Сыныпта сызылған бейнені аяқтау.

# 12-ТАҚЫРЫП. КӨРКЕМ ТУЫНДЫҒА ИЛЛЮСТРАЦИЯ ЖАСАУ

Иллюстрация (латынша «illustratio» – жарықтандыру, көрнекі бейнелеу) – бейнелеу өнерінің әдеби туындысындағы образды бейнесіне байланысты сала. Мәтінге қосымша түрде оның мазмұнын көркемдеп, толықтыруға қызмет етеді. Алғашқы қолжазба кітаптардың пайда болуынан басталады. Бастапқыда қолжазбалар миниатюралармен безендірілген, кітап шығару және ксилографияның пайда болуы иллюстрацияны дамытты.

Ғылыми, теориялық мәтіннің (мақалалар, кітаптар және брошюралар) мазмұнын образды бейнелейтін, лекцияларда пікірді қиялдауға көмектесетін көрнекі бейнелер (репродукция, фотосуреттер, әр түрлі сызбалар) «иллюстрация» деп аталады.

Иллюстрациялардың әсерлі болуы және көркем туындының идеясын автордың қалауы бойынша бейнеленуі үшін көркем шығарманы бірнеше рет оқу және терең толғаулар негізінде оның ең шарықтау нүктелеріне иллюстрациялар әзірлеу қажет. Көркем туындыдағы кейіпкерлер образын бейнелеуде оған берілген сипаттама, шығармада жасаған жұмыстары мен іс-әрекеттері, ішкі жан дүниесін зерттеу керек. Бұл оның мінез-құлық ерекшеліктері, бет-әлпетінде және сыртқы келбетінде көрінуі тиіс. Оқырман көркем шығарманы оқиды, оған жасалған иллюстрациядан өз қиялының бейнесін таба білуі қажет.




**Галина Ли.** *Ертегілерге жасалған иллюстрациялар*



*Х.Тоқтабоев «Сары диюді мініп» туындысына жасалған иллюстрация*
*(А. Мамажонов, Р. Зуфаров)*





**Леонид Золотарев.** *Ханс Кристиан Андерсеннің*
*«Қар ханшайымы» туындысына жасалған иллюстрация*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Ханс Кристиан Андерсеннің «Қар ханшайымы» көркем туындысына иллюстрация жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- арнайы қылқалам;
- су;
- палитра.





1



2



3



4



1. Иллюстрация дегеніміз не?
2. Қандай көркем шығармаларды оқығансың?
3. Көркем шығармаларға иллюстрация жасаған суретшілерден кімдерді білесің?

Ханс Кристиан Андерсеннің «Қар ханшайымы» туындысына иллюстрация жасауды аяқтау.

# 13-ТАҚЫРЫП. 2-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ. СИЛУЭТ ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ САЛУ



## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

**Силуэт тақырыбында ерікті сурет салу**

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- арнайы қылқалам;
- су;
- палитра.




Өтілген тақырыптарды қайталау және пысықтау.

# 14-ТАҚЫРЫП. ЕРКІН ТАҚЫРЫПТА КОМИКС ЖАСАУ

Комикс (ағылшынша «comics» – күлкілі) – сызылған суреттердегі оқиға. Комикс әдебиет пен бейнелеу өнері түрлерінің ерекшеліктерін бейнелеген. Кейде баспа басылымдарында қолданылатын кітап және журнал иллюстрациясының бір түрі.

Алғашқы комиксті ағылшын карикатурашы және суретші Томас Роулэндсон салған. 1812 жылдан 1821 жылға дейін газеттерде оның «Дәрігер синтаксис» туралы әңгімелері жарияланды. Томас Роулэндсон газет комикстерінің атасы деп аталған.



**Томас Роулэндсон.** *«Дәрігер синтаксис»*

**Комикстердің түрлері:**

**Стрип комикс** – бір беттен аспайтын шағын комикс.

**График роман комиксі** – 60 бет және одан да көп көлемде бір кітапта жарияланған бүтін, толық шығарма.

**Веб комикс** – интернетте жарияланған комикстер.



**Сарвар Фармонов.** *Стрип комикс*




**Иқбол Салохиддинов.** *Сәтсіз ән. Графикалық роман комиксі*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Еркін тақырыпта комикс жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель бояуы;
- су;
- палитра;
- қылқалам;
- түрлі-түсті қарындаштар;
- фломастер;
- қара сия қалам.






**Умид Сулаймонов.** *Комикс*



1. Комикс қашан пайда болды?
2. Комикстердің негізін салушы кім?
3. Комикс туралы қандай пікірдесің?

Комиксті аяқтау.

# 15–16-ТАҚЫРЫП. ШЫҒЫС МИНИАТЮРА ӨНЕРІ

Миниатюра (французша «miniature», латынша «minium» – қызыл бояу) – көркемдік стилі өте талғампаз шағын өнер туындысы. Ортағасырлық қолжазбаларды безендіру үшін қолданылған талғампаз ғажайып суреттер, сондай-ақ сүйек, пергамент, металл, фарфор, кейде тұрмыстық заттарға жасалған шағын көлемді кескіндемеге де миниатюра атауы қолданылады.

Кескіндеменің бұл түрі Шығыста, әсіресе Мауараннахрда үлкен атаққа ие болды. Қазіргі уақытта өнердің дербес түрі ретінде тек кітап емес, әр түрлі қолөнер бұйымдарын безендіру үшін де кеңінен қолданылады. Бұл жанр дербес өнер ретінде жылдан-жылға танымал болып келуде. Миниатюралық туындылар түрлі елдердегі, оның ішінде Өзбекстанда ежелден бар көне қолжазбаларда дамыған. Әлішер Науаидың «Хамса» шығармасына Камолиддин Бехзод жасаған миниатюраларды мысал ретінде көруге болады.





**Камолиддин Бехзод.**
*Миниатюралық туындылары*



**Камолиддин Бехзод.** *Шайбанихан портреті*

Шығыста Қожа Абдулхай, Махмуд Сияхқалам, Ғиёсиддин Наққош, Мирак Наққош, Камолиддин Бехзод, Қасым Әли, Махмуд Музаххиб, Абдулла Мусаввир, Басаван, Ризойи Аббасий және басқа суретшілердің есімдері белгілі. Темір әулеті кезінде жеке парақтарда миниатюрамен жұмыс істеу және жеке тұлғалардың портреттерін жасау дамыды, әсіресе Үндістанда Бабыр әулеті дәуірінде жоғары дәрежеге көтерілді.

XIV ғасырдың аяғында Самарқант миниатюра мектебі қалыптасты, сосын ол Герат миниатюралық мектептің қалыптасуына әсер етті. Әмір Темір салған бақтардағы павильондар қабырға суреттерімен безендірілген. Темір әулеті сарайларында жеке кітапханалар құрылып, ол жерде білікті каллиграфтар мен хатшылар ұжымы, оның ішінде суретшілер де еңбек етті. Құсайын Байқара мен Әлішер Науаи тұсында кітап өнері мен миниатюра өнерін дамытуға үлкен көңіл бөлінді. Темір әулеті, Шайбанилер, Бабыр әулеті дәуірі миниатюралық туындылары әлемнің ең беделді мұражайларында, кітапханаларында және жеке коллекцияларында сақталған.

XX ғасырда Ұста Момын, А. Сыддық, Г. Никитин, Ч. Ахмаров, Т. Мұхамедов сияқты суретшілердің шығармаларында миниатюралық дәстүрлер кездеседі.

Ч. Ахмаров миниатюралық өнер дәстүрін жалғастырды, оны жаңа мазмұнмен, идеялармен байытты. Шәкірттері ұстазының жұмысын жалғастырып, миниатюраны жаңа деңгейге көтерді. Бұл бағыт лак миниатюралары, қағаз, мата, тері, былғарыдан жасалған миниатюралар мен қабырға суреттерін өз ішіне алды және кең ауқымды көркем-әдістемелік бағытқа айналды. Қазіргі уақытта миниатюра үш бағытта – қолжазба (кітап) сызбалары, лакталған миниатюралар және миниатюралық қабырға суреттерін жасау бойынша қарқынды дамып келеді.





*Бұйымдарға жасалған лакты миниатюра*



**Шыңғыс Ахмаров.**
*Шырын. Темпера*



**Шыңғыс Ахмаров.**
*Ферғана биі. Темпера*



*Легенге жасалған ағаш оюлары және лакты миниатюра*



*Миниатюра. Әмір Темірдің қабылдауында. «Зафарнамадан»*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Миниатюра элементтерін жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**

- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.








1. Миниатюра өнердің қандай түріне жатады?
2. Миниатюрада шығармашылықпен айналысқан суретшілерден кімдерді білесің?
3. Миниатюра жанры туралы қандай пікірдесің?

Миниатюра элементтерін салуды аяқтау.

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Қарапайым миниатюралық композиция салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.






1



2



3



4



Бейнемате-
риалға сілтеме

Заманауи миниатюра туралы нелерді білесің?

Қарапайым миниатюралық композиция жасауды аяқтау.

# III тоқсан

## 17-ТАҚЫРЫП. «ЦИРК» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ (ЕРКІН СТИЛЬДЕ)

Цирк (латынша «circus» – шеңбер, сақина) – сахналық өнердің бір түрі. Цирк жиі дөңгелек арена және биік күмбезді ғимаратта орналасады. Цирк сиқыры, акробатика, сайқымазақ, қолға үйретілген жануарлармен нөмірлер көрсетеді.

Цирк өнері түрлері акробатика, гимнастика, эквилибристика, сайқымазақ, жонглерлік, күрес, иллюзионизм, ат ойындары, трюктер, жануарларды үйрету сияқты жанрларды қамтиды.

Англиядағы алғашқы циркті 1768 жылы ағылшын шабандозы, кәсіпкер және өнертапқыш Филип Астли құрған. Оны «заманауи цирктің атасы» деп атаған.



*Филип Астли*





*Филип Астлидің алғашқы цирк қойылымдары*

Аты аңызға айналған Ташкенбаевтар әулетінің негізін салушы Ташкенбай Егамбердиев 1866 жылы наурызда Ферғана өңірінде дүниеге келген. Әкесі Эгамберді XX ғасырдың 50-жылдары Сауд Арабиясының Мекке мен Мединеге қажылыққа барып, сол жерде ол ағаш шеберлігін үйренді. Отанына оралып, дар тігіп, осы өнерді дәріптеді және дамытты, халық арасында Дарбоз қажы атанған.

2017 жылы Ташкенбаевтар әулетінің 150 жылдығы кеңінен атап өтілді.



*Ташкенбаевтар әулеті*

Композиция (латынша «compositio» – құрылым, бірлестік, байланыс) – көркем туындының мазмұны, сипаты және мақсаты жағынан байланысқан бөліктердің орналасуы.

Композицияда заттар бір-біріне пішін және түс жағынан сәйкес орналасады, онда гармония мен ырғақ синхронды болады. Сонда жасалған туынды мінсіз шығады.




*Ташкенттегі цирк ғимараты*



*Сайқымазақ. Фото*



*Балуан. Фото*

Бейнелеу өнерінде көптеген ағымдар, жанрлар, стильдер мен техникалар бар. Мысалы, реализм, абстракционизм, пуантилизм, кубизм және тағы басқалар. Жасап жатқан композицияңды кез келген стиль және техникамен жасай аласың. Бастысы, композицияң жарқын, оригинал, жақсы ойластырылған және күшті идеямен болуы маңызды. Цирк сахнасында немесе ұлттық мерекелеріміздің аясында қосымша цирк элементтері және кейіпкерлермен күрделі композиция жасайсың. Цирк кейіпкерлерінің қимылына оның келбеті және цирк кейіпкерлерінің сыртқы түрі сәйкес болуы тиіс. Мысалы, сайқымазақты жұмыс кезінде көңілді етіп көрсету керек. Оның сайқымазақтығы көзінде, бетінде, киімінде, қозғалысында көрініс табуы композицияны одан әрі жандандыра түседі. Композицияның алдыңғы планында басты кейіпкердің бейнесіне екпін қосылды. Басты кейіпкер ең ұсақ бөлшектеріне дейін өңделеді, 2-және 3-пландар түсі мен пішіні бойынша жалпы сипатталады.



*Цирк қойылымы. Фото*



**Илен Мейер.** *Цирк. Акварель*



**Марат Садиков.** Дарбоз. Акварель

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### «Цирк» тақырыбында композиция жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель және гуашь бояулары;
- су;
- палитра;
- арнайы қылқалам.





1



2



3



4



1. Композиция дегеніміз не?
2. Өзбек цирк өнері туралы айтып бер.
3. «Цирк» тақырыбында композициялық туынды жасаған қайсы суретшілерді білесің?

«Цирк» тақырыбы бойынша жинақталған композиция жасау (еркін стильде).

# 18-ТАҚЫРЫП. POP ART СТИЛІНДЕ ЖАНУАРЛАР БЕЙНЕСІН ЖАСАУ

Pop art – Батыс Еуропа мен АҚШ бейнелеу өнерінде 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың аяғында пайда болған бағыт. Pop art стиліндегі бейнелер банан, консерва қорабы немесе жануардың суреті болуынан тыс, әрқашан мінезі жарқын, түрлі-түсті, мәнерлі және көңілді характерге ие. Сондықтан бұл орындау стилі қалың жұртшылықтың көңілінен шығады.

## Pop art стилінде сызылған суреттерден үлгілер













# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

**Pop art стилімен жануарлардың бірінің бейнесін гуашь немесе акварельмен салу**

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель және гуашь бояулары;
- су;
- палитра;
- арнайы қылқалам.






1



2



3



4



1. Pop art қай жерде пайда болды?
2. Pop art стиліне қалай қарайсың?

Үй немесе жабайы жануарлардың біреуінің бейнесін аяқтау.

# 19-ТАҚЫРЫП. АБСТРАКТІЛІ КОМПОЗИЦИЯ МАКЕТІН ЖАСАУ

**Абстракция** (латынша «abstractio» – алаңдату, бөлу, шеттету) – дерексіз, ойдан шығарылған идеялармен байланысты ұғым.

**Макет** – эскиздік жоба. Архитектуралық жобаланған немесе бар құрылым, ансамбль, сәулет кешенінің кішірейтілген көлемдегі көшірмесі. Архитектура және интерьер салаларында макет маңызды болып табылады.

Жақсы макет жобасын жасау үшін пайдаланылатын материалдар мен құралдардың жоғары сапалысын таңдау талап етіледі. Макет жасауға арналған материалдар екі топқа бөлінеді: негізгі және қосалқы.

Негізгі материалдарға қағаз, картон, пенопласт және пластмасса жатады. Арнайы жасалған ағаштар, шамдар, адамдар, орындықтар, машиналар, көгалдар және тағы басқалар қосалқы материалдарға жатады.

Біз сабақта қатты қағазды немесе картонды пайдаланамыз.

Абстрактілі макет дегенде – дәстүрлі емес қиял және ойлау арқылы құрылған макеттер түсініледі. Абстрактілі макеттерге Заха Хадидтің заманауи ғимараттарын мысал ретінде келтіруге болады.



**Заха Хадид.**
*Гранд Рабат театр жобасы*



*Абстрактілі ғимарат макеті*



**Давлат Жаббаров.** *Абстрактілі макет. Картон*

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Абстрактілі композиция макетін жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- картон
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- сызғыш;
- цирк;
- арнайы пышақ;
- желім.






Бейнемате-
риалға сілтеме



1




2




3



4



1. Макет дегеніміз не?
2. Макет масштабы дегенді қалай түсінесің?
3. Макет жасау үшін қандай материалдар қажет?

Абстрактілі композиция макеті жұмысын аяқтау.

# 20-ТАҚЫРЫП. 3D СТИЛІНДЕ СУРЕТ САЛУ

3D кескіндері қазір өте танымал. Оларды граффити (үйлердің және басқа ғимараттардың қабырғаларында) және әлеуметтік желілердегі суреттерден байқауға болады.

3D өлшемді кескіндер XVI ғасырда пайда болды. Ортағасырлық суретшілер бормен қабырғаларға, көшелерге сурет салған, кейінірек көптеген қала үкіметтері мұндай шығармашылықты ынталандыра бастады. Мақсат – мүмкіндігінше көп туристерді тарту және қала бюджетін толықтыру. Халық арасында көше өнеріне қызығушылық қазіргі күнде де сақталған. Компьютерлердің пайда болуы 3D өнерін одан әрі дамытты.




**Николай Арндт.** *Асфальтқа салынған 3D кескіні*



**Леона Кира.** *Асфальтқа салынған 3D кескіні*






**Карлос Альберто.** *Қабырғаға салынған 3D кескіні*

Өлшемді пайдаланып, ғажайып 3D эффект әсерін жасауға болады. Бейнеленетін өлшемдер негізінен көлеңкелердің қасиеттеріне байланысты.











# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## 3D стилінде көбелектің суретін түрлі қарындашпен немесе қаламмен салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- қалам;
- түрлі-түсті қарындаштар.














1. 3D кескіні қашан пайда болды?
2. Бейнелеу өнері мен 3D өлшемді бейнелеуге қалай қарайсың?

3D стилінде көбелек бейнесін аяқтау.

# 21-ТАҚЫРЫП. «ZENTANGLE» ЖӘНЕ «DOODLING» СТИЛІНДЕ СУРЕТ САЛУ

«Zentangle» – бір уақытта бірнеше бағыттарды біріктіретін жаңа өнер түрі, шығармашылық, медитация, ләззат алу және дербес жұмыс ретінде, нақыштық үлгілерге негізделген оригинал бейнелерді жасау стилі.

«Zentangle» стилі өрнектердің қайталануынан тұрады. Бір суретте көптеген үлгілерді біріктіруге болады, техника өте еркін және интуитивті. Суретшілік қабілетің болмаса да, «Zentangle» техникасында оңай бірегей және өте қызықты туындылар жасауға болады.

«Zentangle» 2006 жылы өнер түрі ретінде ресми түрде тіркелді. Оның негізін қалаушылар – Рик Робертс және Мария Томас.

Классикалық «Zentangle» әрқашан қабырғалары 8,9 см болатын квадрат ақ қағазға қара сиямен сызылады. Өзіңе сәйкес келетін кез келген қағаз және ыңғайлы қаламмен шығармашылық жұмысты бастауыңа болады.



*«Zentangle» және «Doodling» стилі*



*«Zentangle» стилінде жасалған нақыштар*



«Doodling» (ағылш. doodle – сызба) бұл – заманауи өнердің бір түрі, тіпті көркемдік қабілеті жоқ адамдар үшін де ыңғайлы сурет салу техникасы болып табылады.

Өнер туындысын негізінен қарапайым шеңберлерден жасайтын бұл стильдің жанкүйерлері әлемде өте көп. «Doodling»де жұмыс істеу арқылы композиция жасау дағдылары қалыптасады.

## «Doodling» стилімен салынған суреттер



Бейнематериалға сілтеме







## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### «Zentangle» стилінде сурет салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- қара сия қалам;
- фломастер.









1. «Zentangle» стилі қашан пайда болды?
2. «Zentangle» және «Doodling» стилінің негізін салушылар кімдер?
3. «Zentangle» және «Doodling» стилдері туралы пікірің қандай?

«Zentangle» стиліндегі суретті аяқтау.

# 22-ТАҚЫРЫП. МОЗАИКА СТИЛІНДЕ БЕЙНЕ ЖАСАУ

**Мозаика** (французша «masaique» – музаларға арналған) – бірдей немесе әр түрлі шикізат (плитка, тас, ағаш, мәрмәр, металл және т.б.) бөлшектерінен жасалған бейне немесе нақыш. Монументалды сәндік өнердің негізгі түрлерінің бірі. Негізінен ғимараттарды, қолданбалы өнер туындыларын безендіруде, стендтік өнер туындысын жасау үшін пайдаланылады.



*Өзбекстанның мемлекеттік қолданбалы өнер мұражайының қабырғасына жасалған композиция. Мозаика*



*Нәдір Диуанбегі медресесінің қабырғасында безендірілген аңызға айналған құс композициясы. Мозаика*





Мозаикалық стильде тоты құс бейнесін жасауда ең алдымен тоты құстың суретін салып, әр түрлі бұрышты немесе үздіксіз қисық пішіндер жасау арқылы бояу ұсынылады. Бұл процесс тоты құсты бейнелеуде мозаикалық бөлшектерді әдемі орналастыруға мүмкіндік береді. Мозаика бөлшектерін жасау үшін тоты құс кескінінің түстеріне негізделіп, қажетсіз түсті журнал, каталогтар және осы сияқты түрлі түсті қағаз бөліктерін жинаймыз. Тоты құстың түрлі пішіндерін қиып алып, суретке желіммен жабыстырамыз.





**Питер Пол Рубенс.** *Тоты құс*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Тоты құс бейнесін мозаикалық стильде жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель немесе гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра;
- түрлі-түсті қағаздар, газеттер мен журналдар;
- қайшы;
- желім.








1. Мозаика дегеніміз не?
2. Мозаика жанрында шығармашылықпен айналысқан суретшілерден кімдерді білесің?
3. Мозаиканың аппликациядан айырмашылығы неде?

Тоты құс бейнесін мозаика стилінде аяқтау.

# 23-ТАҚЫРЫП. ТҮРЛІ МАТЕРИАЛДАРДАН ФАНТАСТИКАЛЫҚ ОБРАЗДАР ЖАСАУ

Заманауи мүсін өнері барлық заманауи өнерлер сияқты дамып келеді. Қазіргі кезде мүсіндеуде әр түрлі материалдар қолданылады. Саз, гипс, пластилин, ағаш, шыны, мәрмәр, тас, әр түрлі металдар және жанама өнімдер соның ішінде.

Модерн мүсініне кубизм, геометриялық абстракция, дестиль, суперматизм, конструктивизм, дадаизм, сюрреализм, футуризм, экспрессионизм, рор art, минимализм, постминимализм, land art, концептуалды өнер және тағы басқалар кіреді.

Қанатты ұшқыш аттар туралы көптеген мифтерді білесің, оларды көркем шығармаларда және киноларда кездестіресің. Ол адамдарға жақсылықтың символы ретінде көмектеседі, әлсіздерді қорғайды, әділдік үшін күреседі. Өмірде мұндай жаратылыс жоқ екенін білсең де, оны түрлі көріністе салуға, жасауға тырысасың. Өз қиялыңа қарай оның образын жасайсың. Енді бүгінгі сабақта пластилин немесе үйімізде бар қосалқы өнімдерден қанатты ұшқыш атты жасауға әрекет жасаймыз.



Бейнематериалға сілтеме

*Ұшқыш ат суреті*

## Түрлі материалдардан жасалған ұшқыш ат мүсіндері









# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Жартылай дайын өнімдерден фантастикалық образдарды жасау

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- әр түрлі қалыңдықтағы иілгіш сым;
- гипс немесе ағаш негіз;
- пластилин;
- мүсіндік құралдар.






1



2



3



4



1. Жартылай дайын өнім дегенді қалай түсінесің?
2. Фантастикалық образдар туралы айтып бер.
3. Заманауи мүсіншілерден кімдерді білесің?

Әр түрлі материалдардан фантастикалық образдар жасау.

# 24-ТАҚЫРЫП. ТҮРЛІ МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП КИНЕТИКАЛЫҚ МҮСІН ЖАСАУ

Кинетикалық өнер, кинетикизм (грекше «kineticos» – қозғалысқа келтіруші) қозғалушы эффекттермен жасалған заманауи өнер түрі. Техника саласының дамуы нәтижесінде адам көркем өрнектердің жаңа түрлерін ашуға тырысады.

Заманауи суретшілер мен мүсіншілер бұрыннан жалпыға бірдей мойындалған «бейнелеу өнері» ұғымынан бөлек шыққан. Олар нағыз өнертапқыштар ретінде «кинетикалық өнер» деп аталатын жеке көркемдік бағыт жасады. Кинетизм қарапайым идеяға негізделді. Желдің, жарықтың және қозғалыстың әсерінен көрермен көз алдында «жанданатын» деңгейінде өнер нысанын жасауға болады. Бүгінгі таңда таңқаларлық мінсіз кинетикалық мүсіндер бар.









Бейнемате-риалға сілтеме

Голландиялық суретші Тео Янсен желмен қозғалатын бірегей өнер туындысын жасайды. Құмды жағажайларда үлкен өлшемді қиялдағы жаратылыстар ыңғайлы серуендейді. Бұл сиқырланған көрерменнің толық қуанышы мен таң қалуына себеп болады. Бұл кейіпкерлер фантастикалық туынды беттерінен шығып, адамдар арасында өмір сүретін сияқты.



**Анимари.** *Кинетикалық мүсін*



*Тео Янсен*

Тео Янсен – голландиялық суретші және кинетикалық мүсінші. Жануарлардың қаңқасын еске түсіретін, құмды жағажайларда желдің әсерінен қозғала алатын арнайы кинетикалық мүсіндерімен танымал. Янсен бұл мүсіндерді «жануарлар», «жаратылыс», «жасанды тіршілік формалары» деп атайды.



*«Страндбэст». Кинетикалық мүсін*

Бейнематериалға сілтеме

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Түрлі материалдар және техникалар арқылы кинетикалық мүсін жасау

Қарапайым кинетикалық мүсін жасау үшін картон аламыз және тең екіге бүктейміз. Пластикалық ыдыс қақпағынан пайдаланып, екі шеңбер сызамыз. Шеңберге адамдардың суретін салып, бояймыз. Қағаздан суретті қиып алсақ екі адам пішіні пайда болады. Қақпақтың ішіне жартысынан біраз көп етіп тығыздап пластилин саламыз. Желімнің көмегімен адамша бейнесін қақпақтың алдыңғы және артқы жағына біріктіреміз. Кинетикалық мүсініміз дайын, оны үстелге қойып, жылжыта аламыз.

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- картон;
- пластик ыдыстың қақпағы;
- фломастер;
- акварель;
- арнайы қылқалам;
- су;
- палитра;
- желім;
- пластилин.







1. Кинетика дегеніміз не?
2. Мүсін өнеріндегі кинетикалық мүсіннің қандай түрлерін білесің?
3. Кинетикалық мүсін туралы қандай пікірдесің?

Қарапайым кинетикалық мүсін жасау.

# 25-ТАҚЫРЫП. 3-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ. «DOODLING» СТИЛІНДЕ СУРЕТ САЛУ

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

**«DOODLING» стилінде еркін сурет салу**




**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- қара сия қалам.



Өткен тақырыптарды қайталау және пысықтау.

# 26-ТАҚЫРЫП. ТҮРЛІ МАТЕРИАЛДАРДАН ПАЙДАЛАНЫП СТИЛИЗАЦИЯЛЫҚ СТИЛЬДЕ МҮСІН ЖАСАУ

Табиғатта бар нақты заттың мазмұнын жоғалтпай, одан көркем формалар, логотиптер жасау стилизация (стиль) деп аталады. Стилизация өнердің барлық саласында бар, мақсаты мен қызметі жағынан өте кең ұғым. Бейнелеу өнері мен мүсін өнерінде кеңінен қолданылады.

Мүсін өнерінде табиғатта кездесетін әр түрлі өсімдіктердің, тіршілік иелерінің және заттардың жалпы формасын алып, одан жаңа мағына, қалып және көркем шығарманы жасаудың стилі қалыптасқан. Құс пішінін еске түсіретін үй ыдыстары, машинаның пішінін еске түсіретін әр түрлі бөлшектер немесе жануарлардың пішінін еске түсіретін абстрактілі мүсіндер стилизацияға мысал бола алады.



Стилизацияның дамуы жаңа дизайн өнертабыстарының пайда болуына, өнеркәсіптік дизайнның дамуына әкелді.

## Игорь Павлов шығармаларынан үлгі





*Мысық мүсіні. Керамика*








*Стилизация жобаларынан үлгілер*



**Ян-Пьер Ожье.** *Ана мүсіні. Металл*



**Жак Липшист.** *Гитарашы мүсіні*

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Стилизация стилінен пайданалып адам мүсінін жасау

**Мүсін жасау үшін қажетті оқу құралдары:**
- гипс немесе ағаш негіз;
- сым;
- пластилин;
- стек (пластилинді жұмыс құралдары).






1



2



3



4



1. Стилизация дегеніміз не?
2. Стилизация стилінде жасалған қандай тұрмыстық бұйымдарды немесе техникаларды білесің?
3. Стилизация стилінде жасалған мүсіндер туралы қандай пікірдесің?

Стилизация стилінен пайдаланып адам мүсінін жасауды аяқтау.

# IV ТОҚСАН

## 27-ТАҚЫРЫП. МЕРЕКЕ ҮШІН ЭМБЛЕМА ЖАСАУ

Эмблема (белгі, бейне) көпшілікке түсінікті, анық және тынық сипатталуы керек. Эмблемаларда әдетте символдық белгілер қолданылады. Бүгінгі күнде әдеттен тыс абстрактілі эмблемалар дизайны дәстүрге айналуда.

Эмблемалар мөр, логотип және бренд сияқты ұғымдармен үйлесімді. Технологиялық дамудың нәтижесінде өнеркәсіп, білім, медицина, бизнес және кәсіпкерлік сияқты көптеген басқа салаларда да эмблемалар дамыды. Әр түрлі ұйымдардың, фирмалардың, мекемелердің өз мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес логотиптері бар. Бұл логотиптер арқылы адамдар олар туралы біледі. Бүгінгі күні оригинал, бірегей эмблемалар, логотиптердің көптеген түрлері бар.

Respublika
ta’lim markazi





Мектепте түрлі мерекелер, байқау шаралары ұйымдастырылады. Бұл іс-шараларда эмблеманы жасау маңызды. Эмблема топтың атауын, оның мақсаты мен идеясын көрсетеді. Ең алдымен, мерекенің өзіндік ерекшеліктерін анықтау керек. Белгіде топтың қандай аспектілерін көрсеткің келетінін анықтайсың.

Эмблеманы модерн (заманауи), минимализм (кем белгілі, қарапайым), абстракт, стилизация және басқа тәсілдермен жасауға болады. Белгінің идеясы дайын болғанда, элементтер сызылады. Элементтерді композициялық орналастыру үшін әртүрлі пішіндер және түстермен эскиздер орындалады. Түстер сәйкестелген, мерекенің мазмұнына сай және бірегей, жарқын, ерекше және адамдарды өзіне тартуы маңызды. Ата-анаң, жақындарың және мұғалімнің көмегімен жасалған ең жақсы эскиздерді таңдаған дұрыс.



## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Мереке үшін эмблема жасау

**Эмблема жасауға қажетті құралдар:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.










1



2




3




4

1. Эмблема дегеніміз не?
2. Эмблема мен логотиптің айырмашылығы неде?

Мерекеге эмблема жасау.

# 28-ТАҚЫРЫП. ПЛАКАТ ГРАФИКАСЫ

**Плакат** (немісше «plakat» – жарнама, афиша) – графика түрі, үлкен параққа жасалған бейнелеу өнерінің туындысы. Плакатта қысқаша мәтін қоса беріледі. Ол үгіт-насихат, жарнама, ақпараттық және білім беру мақсаттарына қызмет етеді.

Плакат графикасы жарнамалық ақпараттарды қысқаша түрде өз ішіне алатын, көрнекі, үлкен форматтағы басылым болып табылады.

Заманауи плакат әдетте суретші жасаған түпнұсқадан баспаханада көшіріледі.

Өзбекстанда плакат XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болып, XX ғасырдың 20-жылдарында кең тарады. Алғашқы жылдары қолдан жасалған және қайта шығарылған. Баспа плакаттары 1923–1924 жылдары басыла бастады. Ұстаз Нәби Хафизов, М. Курзин, В. Уфимсев, В. Қайдалов және басқа суретшілер бұл салада нәтижелі жұмыс жасаған. 1960–1980 жылдары А. Балканов, В. Громико, Ф. Кагаров, В. Евенко, Т. Ткачев және басқа да суретшілер бейбітшілік, этика, экономика, мәдени-ағарту жұмыстары тақырыптарында туындылар жаратты. Атап айтсақ, Ф. Кагаровтың бейбітшілік тақырыбындағы плакаттары халықаралық конференциялардың символына айналды.

**Плакаттың төмендегі түрлері бар:**

- театр плакаттары;
- жарнамалық плакаттар;
- үгіт-насихат плакаттары;
- кино афишалары;
- музыкалық плакаттар;
- спорттық плакаттар;
- әлеуметтік плакаттар;
- оқу плакаттары.




**Х. Муратов.** *Табиғатты сақта*



**Ф. Кагаров.**
*Бейбітшілік*






## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

**«Экологияны сақта» тақырыбында плакат жасау**

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.





1



2



3



4



1. Плакат графикасы дегеніміз не?
2. Плакат графикасында шығармашылықпен айналысқан қайсы суретшілерді білесің?

«Есірткіге қарсымыз» тақырыбында плакат жасау.

# 29-ТАҚЫРЫП. «ҒАРЫШ» ТАҚЫРЫБЫНДА АБСТРАКТІЛІ КОМПОЗИЦИЯНЫ КОМПЬЮТЕР ГРАФИКАСЫНДА СЫЗУ ЖӘНЕ БОЯУ

Бүгінгі таңда бейнелеу өнері саласында да заманауи компьютерлік технологиялар тез енуде. Кино, анимация, жарнама және дизайн салаларында компьютерлік технология және бағдарламалар кескінді өңдеуде ыңғайлылық жасауда. Уақытты үнемдеу, күрделі процестердегі мәселелерді оңай шешу, көптеген тапсырмаларды компьютерлік бағдарламалардың өзі автоматты түрде орындап Атап айтсақ, уақытты үнемдеу, орындап жатыр.

**Графикалық бағдарламалар**

Paint Krita Photoshop Corel Draw






**Krita** – ақысыз және ашық дереккөзді растрлық графикалық бағдарлама. Аты швед тілінен шыққан, «бормен сызу» дегенді білдіреді. Негізінен суретшілер мен фотографтарға арналған. Бұл бағдарламаны компьютерге орнатып, сурет салуды үйренеміз.




*https://krita.org/en/download/krita-desktop/*

Krita бағдарламасын келесі сілтемені немесе QR кодын сканерлеу арқылы оны жүктеп алуға болады.




Бағдарлама орнатылған кезде компьютер экранында бағдарлама логотипі пайда болады.

Бағдарламаны іске қосқан кезде бағдарлама айнасы төмендегідей болады. Жаңа құжат жарату үшін экранның жоғарғы сол жағында «New File» (Ctrl + N) пернесі басылады.



«New File» (Ctrl+N) пернесін басқанда төменде жаңа шағын айна ашылады. Бұл терезеде ашылуы жоспарланып отырған жаңа беттің өлшемі, пішіні, түстері, сапасы, бұрын әзірленген жобаларды жүктеп алу және файл түрі сияқты бірқатар мүмкіндіктер бар.







«Create» пернесін басу арқылы жаңа құжат айнасы пайда болады.




Ақ айна сурет салудың шекарасы, оның жоғарғы, сол және оң бөліктерінде сурет салуға қажетті құралдар мен түстер палитрасы бар.




Қылқалам таңдау бөлімінде өшіргіш, қарындаш, қылқалам, бояу түрлері мен текстурасы, тау, шөп, ағаш пішіндері, бүріккіш фактура және сол сияқты сурет салуды жеңілдететін көптеген дайын контенттер бар.

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## «Ғарыш» тақырыбындағы абстрактілі композицияны компьютерлік графикада сызу және бояу



**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
• компьютер немесе планшет;
• Krita бағдарламасы.

Ғарыш тақырыбы бойынша компьютерлік графикада сурет салу үшін алдымен композицияны сызып, бояймыз. Дайын композиция эскизін пайдаланып, Krita графикалық бағдарламасында сурет саламыз.

Келесі QR код арқылы «Ғарыш» тақырыбында Krita да салынған видеоға өт.



Бейнематериалға сілтеме







1. Ғарыш туралы нелерді білесің?
2. Қандай графикалық бағдарламаларды білесің?
3. Krita бағдарламасы және оның мүмкіндіктері туралы пікіріңді айт?

«Ғарыш» тақырыбындағы абстрактілі композицияны еркін стильде жасау.

## 30-ТАҚЫРЫП. ҚИЯЛДАҒЫ МОДЕРН АВТОКӨЛІГІНІҢ СУРЕТІН САЛУ

Болашақ және оны елестете білу өте маңызды. Көптеген өнертабыстар қиял әлемі, фантастикалық және ғылыми гипотезалар арқылы қалыптасқан. Аспанда ұшатын көліктер, заманауи қала ландшафттары, біртүрлі жарықтандырылған ғимараттар – мұның бәрі бір қарағанда қиял сияқты көрінетін еді. Адамның бұл қиялдары бүгінде өмірге келді.




Болашақ автокөліктер әлемі көз алдымызда елестету мүмкін емес жылдамдықпен өзгеруде. Жақында адамдар ат-арбаға мініп жүретін еді. Қазіргі жағдайға қарасақ, болашақта бізді не күтіп тұрғанын елестету қиын емес.

Ғалымдар жақын болашақта био немесе күн энергиясы сияқты балама жанармайға көшуді болжап отыр. Осыған байланысты автокөліктердің сыртқы келбеті де өзгереді. Заманауи автокөліктерді жасауда барлық аспектілеріне назар аудару маңызды. Мысалы, ол ең алдымен адам өміріне қауіпсіз, қоршаған ортаға зиянсыз, керісінше, пайдалы, кептеліс сияқты бірқатар мәселелерді шеше алатын автокөліктерді ойлап табу керек.





*Болашақ автокөлік жобасы*





*Болашақ автокөлігі*

Бензин қозғалтқышымен жабдықталған қарапайым автокөлік және ұшақ гибриді 2500 метр биіктікке дейін жетуі мүмкін, 1000 км қашықтықты бағындыруға қабілетті болашақтың көлігі. Бұл көлікті Klein Vision компаниясы жасаған және бұл көлік 2 минут 15 секундта ұшаққа айналады. Ауада сағатына 170 км жылдамдыққа жетеді. Кабинаға екі адам сыяды.







Бейнематериалға сілтеме

*Автокөлік және ұшақ гибриді*

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Қиялдағы модерн автокөлігінің суретін салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.





1



2



3



4



1. «Модерн» сөзінің мағынасы не?
2. Қандай түрдегі автокөлік түрлерін білесің?
3. Болашақ автокөліктерді қалай елестетесің?

Қиялдағы модерн автокөлігінің суретін салуды аяқтау.

# 31–32-ТАҚЫРЫП. ПЛЕНЭР (АШЫҚ АУАДА ЖАСАУ)

Пленэр (французша «en plein air» – ашық ауада) күн сәулесінің және қоршаған атмосфераның әсерінен кескіндегі түс өзгерісін сипаттау үшін қолданылатын термин. Пленэр шеберханада емес, керісінше, табиғаттың қойнында суреттер жасау деген сөз. Бұл процесс табиғатты табиғи түстермен түсіну үшін негіз болып қызмет етеді.

Табиғаттың сұлулығы – оның бірегейлігінде. Күн сәулесі және бізді қоршаған орта түс үйлесімінің сарқылмас көзі болып табылады. Табиғат, қоршаған ортаның адамға, оның сезімдері мен ойлауына терең әсері бейнелеу өнерінде пейзаж жанрының пайда болуына түрткі болды.

Бейнелеу өнерінің пейзаж жанрындағы туындыларымен танысу адамның рұхани дүниесін шыңдап, ішкі сезімін байытады. Табиғат сұлулығын шынайы суреттеу суретшінің оған деген көзқарасын анықтайды. Сондықтан пейзаж жанры адамның сезімін нәзік етіп тәрбиелеудің маңызды факторы болып табылады.

Пленэрдің пайда болуы XIX ғасырдың басында Англияда өмір сүрген суретшілер Джон Констебль және Ричард Паркс Бонингтон есімдерімен байланысты. Пленеризм стилі француз импрессионистері арасында өте танымал болды. Жан-Батист Камиль Корот, Жан-Франсуа Миллет, Камиль Писарро, Пьер-Огюст Ренуар және Клод Моне сияқты суретшілер пленердің дамуына үлес қосты. Ресейде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында пленэр бейнесінде Василий Поленов, Исаак Левитан, Валентин Серов, Константин Коровин, Игорь Грабар ерен еңбек еткен.

Өзбекстанда О. Тансиқбоев, П. Бенков, Р. Ахмедов, Н. Қозибаев, З. Иногамов, М. Саидов тағы басқалар пейзаж жанрымен айналысқан.



*Суретші Роберт Антуан Пинчон пленэрде. 1898 жыл*



*Австралиялық импрессионист Артур Стритон пленэрде. 1892 жыл*

Бейнематериалға сілтеме







*Пленэр процесі және сызылған суреттер*

# ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Пленэрде табиғатқа қарап сурет салу

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь бояуы;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.






Бейнемате-
риалға сілтеме

1



2



3



4



1. «Пленэр» сөзінің мағынасы не?
2. Пленэрде шығармашылықпен айналысқан суретшілерден кімдерді білесің?
3. Пленэрде сурет салғанда нелерді ескеру керек?

Пленэрдегі ғимараттың бейнесін акварельде сызу.
Оқу жылында орындалған барлық тапсырмалар және өзіндік шығармашылық жұмыстарды көрмеге дайындау.

# 33-ТАҚЫРЫП. 4-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ. «МЕН ЖАРАТҚАН ЖАҢАЛЫҚ» ТАҚЫРЫБЫНДА ҚИЯЛҒА НЕГІЗДЕЛІП СУРЕТ САЛУ




«Мен жаратқан жаңалық» тақырыбында ойдан шығарылған суретті салу үшін алдымен өз жаңалығының тақырыбын талқылап, оған ат қой. Төмендегі сұрақтар «Мен жаратқан жаңалық» суретін салуға көмектеседі.

1. Бұл жаңалықтың қандай пайдасы бар және неліктен?
2. Жаңалық жаратуда қандай материалдар қолданылады?

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

**«Мен жаратқан жаңалық» тақырыбында қиялға негізделіп сурет салу**

**Сурет салуға қажетті оқу құралдары:**
- сурет дәптері;
- қатты және жұмсақ графит қарындаштар жиынтығы;
- қарындаш ұстағыш;
- өшіргіш;
- акварель;
- гуашь;
- су;
- арнайы қылқалам;
- палитра.




Өтілген тақырыптарды қайталау және бекіту.

# 34-ТАҚЫРЫП. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КӨРМЕ

Көрме – ең қызықты коммуникация құралдарының бірі, шығармашылық белсенділікті ынталандыру тәсілдерінің бірі болып табылады.

Көрме бүкіл топтың (топтық көрмелер) немесе индивидуал (жеке) жетістіктерін көрсете алады.

Көрме түрлері, тақырыптық, қорытынды, жәрмеңкелер, конкурстар, презентациялар түрінде болады.

Көрме ұйымдастыру үшін көп еңбек қажет. Сен көрменің қатысушысы және ұйымдастырушысы ретінде қатысасың. Шығармашылық жұмыс процесінде табандылық, бастамашылық, дербестік, ең қолайлы жұмыс стилі мен әдістерін таңдау сияқты құнды қасиеттер қалыптасады, бұл өз күшіңді сынға салуға және жетістікке қол жеткізуіңе мүмкіндік береді.

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Шығармашылық көрме



Оқу жылындағы шығармашылық жұмыстарыңды қорытындылау үшін көрме ұйымдастыр.





1. Көрме дегеніміз не?
2. Көрменің қандай түрлерін білесің?
3. Ұйымдастырылған көрме туралы өз пікіріңді айт.

Өтілген тақырыптарды қайталау және пысықтау.

*O‘quv nashri*

# Tasviriy san’at

*Umumiy o‘rta ta’lim maktablarining*
*6-sinfi uchun darslik*
*(Qozoq tilida)*

Аудармашы Райхан Базарбаева
Редактор Бердібек Юсупов
Техникалық редактор Акмал Сулейманов
Көркем редактор Сарвар Фармонов
Суретші Умид Сулейманов
Беттеуші дизайнер Алимардон Ақилов
Корректор Айтмұрат Бектаев

*Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты студенттерінің шығармашылық жұмыстарынан пайдаланылды.*

Басуға 06.07.2022 жылы рұқсат етілді. Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$.
Arial гарнитурасы. Кегл 12. Офсеттік баспа.
Шартты баспа табағы 14,88. Есептік баспа табағы 12,16.
Таралымы ____ нұсқа. Тапсырыс № ___.

## Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

| № | Оқушының аты, фамилиясы | Оқу жылы | Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы | Сынып жетекшісінің қолы | Оқулықты тапсырған-дағы жағдайы | Сынып жетекшісінің қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |
| 3. | | | | | | |
| 4. | | | | | | |
| 5. | | | | | | |
| 6. | | | | | | |

## Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшерлері негізінде толтырады:

| | |
|---|---|
| **Жаңа** | Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы. |
| **Жақсы** | Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттеріне жазбаған және сызбаған. |
| **Орташа** | Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері мүжілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған. |
| **Нашар** | Мұқаба былынған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, қанағаттанарлық емес. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды. |